

Д.А. ЕРДЕМБЕКОВА¹, А.И. БУЛШЕКБАЕВА², А.Д. КАРИЕВ³¹PhD докторант, Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: dinara.erdem@mail.ru²PhD, Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауым. профессоры м.а.
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: bulshekbaeva@mail.ru³постдокторант, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: adlet.kariyev@gmail.com

РЕДЖИО ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ: ИНКЛЮЗИВТІ ОРТАДА ӘР БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ ДАМУЫН ҚОЛДАУДАҒЫ ЖОБАЛЫҚ ЖҰМЫС

Аңдатпа. Бұл зерттеудің мақсаты – Реджио педагогикасының мүмкіндіктерін зерттеу және оны инклюзивті ортада әр баланың жеке дамуын қолдауға бағытталған жобалық жұмыс арқылы жүзеге асыру жолдарын анықтау. Мақала инклюзивті білім берудің қажеттіліктеріне бейімделген Реджио әдіснамасының тиімділігін көрсетуге, сондай-ақ әртүрлі қабілеттері мен қажеттіліктері бар балалардың әлеуетін ашуға бағытталған.

Зерттеудің негізгі нысаны – инклюзивті білім беру ортасындағы балалардың жеке дамуын қолдау. Бұл орталарда әр баланың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған Реджио әдістемесінің рөлі зерттеледі. Сонымен қатар өзінің ерекшеліктері де бар. Ол ең алдымен балаларға бағытталған тәсіл.

Реджио педагогикасында бала – білім беру процесінің басты кейіпкері. Балалардың қызығушылықтары мен идеялары жобалық жұмыстардың негізі болып табылады, бұл олардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Қоршаған ортаның рөлі: Реджио әдіснамасы бойынша, білім беру ортасы – «үшінші педагог». Айналадағы кеңістік балалардың зерттеу, құру және қарым-қатынас жасау қабілеттерін ынталандыру үшін арнайы ұйымдастырылады. Инклюзивті ортада бұл тәсіл әр баланың ерекшелігін ескеруге көмектеседі.

Мақала жазу барысында жобалық әдіс балалардың өз идеяларын зерттеп, ұжымда немесе жеке түрде жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Бұл әдіс инклюзивті ортада балалардың бір-бірімен өзара әрекеттесуін жақсартып, олардың әлеуметтік дағдыларын дамытады.

Ата-аналар мен педагогтар арасындағы серіктестік баланың дамуын қолдау процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл қатынас инклюзивті білім беруде ерекше маңызға ие.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Ердембекова Д.А., Булшекбаева А.И., Кариев А.Д. Реджио педагогикасының мүмкіндіктері: инклюзивті ортада әр баланың жеке дамуын қолдаудағы жобалық жұмыс // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №3 (137). – Б. 414–425. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.260>

***Cite us correctly:**

Erdembekova D.A., Bulshekbaeva A.I., Kariev A.D. Redzhio pedagogikasynyn mumkindikteri: inkluzivti ortada ar balanyn zheke damuyn qoldaudagy zhobalyq zhumys [The Possibilities of Reggio Pedagogy: Project Work to Support the Individual Development of Each Child in an Inclusive Environment] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №3 (137). – Б. 414–425. <https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.260>

Кілт сөздер: Реджио педагогикасы, инклюзивті білім беру, жобалық жұмыс, шығармашылық, әдіс, технология, қолдау, мүмкіндік.

D.A. Erdembekova¹, A.I. Bulshekbaeva², A.D. Kariyev³

¹*PhD Doctoral Student, Abai Kazakh National Pedagogical University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: dinara.erdem@mail.ru*

²*PhD, Acting Associate Professor of Abai Kazakh National Pedagogical University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: bulshekbaeva@mail.ru*

³*Postdoctoral Fellow, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor
Abai Kazakh National Pedagogical University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: adlet.kariyev@gmail.com*

The Possibilities of Reggio Pedagogy: Project Work to Support the Individual Development of Each Child in an Inclusive Environment

Abstract. The purpose of this article is to explore the possibilities of Reggio pedagogy and identify ways to implement it through project work aimed at supporting the individual development of each child in an inclusive environment. The article aims to demonstrate the effectiveness of the Reggio methodology adapted to the needs of inclusive education, as well as to unlock the potential of children with different abilities and needs. The main form of the article is to support the personal development of children in an inclusive educational environment. In these environments, the role of the Reggio methodology is explored, aimed at developing creative and cognitive abilities, taking into account the special needs of each child. There are also some special features. This is an approach aimed primarily at children. In Reggio's pedagogy, the Child is the main character of the educational process. The interests and ideas of children are the basis of project work, which allows them to develop their creative and cognitive abilities. The role of the environment: according to Reggio's methodology, the educational environment is the "third teacher". The surrounding space is specially organized to encourage children's abilities for research, creativity and communication. In an inclusive environment, this approach helps to take into account the specifics of each child. In the process of writing an article, the project method allows children to explore their ideas and work in a team or individually. This method develops children's social skills in an inclusive environment, improving their interaction with each other. Partnership between parents and educators is an integral part of the process of supporting child development. This attitude is of particular importance in inclusive education.

Keywords: Reggio pedagogy, inclusive education, project work, creativity, method, technology, support, opportunity.

Д.А. Ердембекова¹, А.И. Булшекбаева², А.Д. Кариёв³

¹*PhD докторант, Казахский педагогический университет им. Абая
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: dinara.erdem@mail.ru*

²*PhD, и.о. ассоциированного профессора
Казахского национального педагогического университета им. Абая
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: bulshekbaeva@mail.ru*

³*постдокторант, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор
Казахский национальный педагогический университет им. Абая
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: adlet.kariyev@gmail.com*

**Возможности педагогики Реджио: проектная работа по поддержке индивидуального
развития каждого ребенка в инклюзивной среде**

Аннотация. Цель данного исследования – изучить возможности педагогики Реджио и определить способы её реализации в инклюзивной среде через проектную деятельность, направленную на поддержку индивидуального развития каждого ребёнка. Статья направлена на демонстрацию эффективности методологии Реджио, адаптированной к потребностям инклюзивного образования, а также на раскрытие потенциала детей с различными способностями и потребностями.

Основным объектом исследования является поддержка индивидуального развития детей в инклюзивной образовательной среде. Анализируется роль методологии Реджио в таких условиях, уделяя внимание развитию творческих и познавательных способностей с учётом уникальных потребностей каждого ребёнка. Одной из ключевых особенностей является ориентированный на ребёнка подход.

В педагогике Реджио ребёнок является центральной фигурой образовательного процесса. Интересы и идеи детей становятся основой проектной деятельности, что позволяет развивать их творческие и познавательные способности. Особую роль играет образовательная среда: согласно методологии Реджио, она выступает как «третий педагог». Пространство организуется таким образом, чтобы стимулировать исследовательскую, творческую и коммуникативную активность детей. В инклюзивной среде этот подход помогает учитывать уникальность каждого ребёнка.

В ходе написания статьи было отмечено, что проектный метод позволяет детям исследовать свои идеи и работать как индивидуально, так и в коллективе. Такой подход улучшает взаимодействие детей в инклюзивной среде и способствует развитию их социальных навыков.

Партнёрство между родителями и педагогами является неотъемлемой частью процесса поддержки развития ребёнка. Это взаимодействие имеет особое значение в инклюзивном образовании.

Ключевые слова: Реджио педагогика, инклюзивное образование, проектная работа, творчество, метод, технология, поддержка, возможность.

Кіріспе

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады» делінген [1]. Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуі үшін жағдай жасау – балаларды тәрбиелеу және оқыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар және мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін арнайы жағдайлар жасау делінген [1, 3-6].

Мектепке дейінгі ұйымның негізгі субъектісі – тәрбиеші, ол – мектепке дейінгі ұйымдарда баламен тікелей қарым-қатынасқа түсіп, қазіргі таңда тұрақты өзгеріп тұратын әлемге табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдай жасайтын, ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашыл әлеуеті мол, ата-аналармен бірлесе отырып, баланың дұрыс өсіп-жетілуін, қалыптасуын белгілі нысанда жүргізетін тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық белігінің бірі деп есептелінеді. Сондықтан топтағы психологиялық ахуал, балалардың өзара қарым-қатынасы, олардың балабақшаға келуге деген ынтасы, тағы да көптеген жағдайлар тәрбиеші жұмысына байланысты [2].

Осы орайда біз әртүрлі технологияны қолдана білуіміз керек. Жаңа педагогикалық технологиялар – педагогика ғылымының жаңа саласы. Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың біртұтас қызметі. Инновация – білім деңгейінің көтерілуіне жағдай жасайды. Оны «Жаңалық», «Жаңа әдіс», «Өзгеріс», «Жаңашылдық» яғни, «Жаңа әдістеме құралы» деп те атасақ қателеспейміз. Инновациялық технологияларды қолдану арқылы педагог өзінің тәжірибесін байытып, қызметін жеңілдетіп, белгілі бір нәтижеге қол жеткізеді. Нәтижеге жеткізу – педагогиканың ең асылзаты болып табылады. Негізгі ойды түсініп, шығармашылық көзқараспен қараған педагог қана жаңа технология негізінде жұмыс атқара алады [3].

Біз Реджио педагогикасының элементтерін мүмкіндігі шектеулі балаларға қалай қолданамыз. Ол үшін біз осы Реджио педагогикаға қысқаша тоқталайық. Реджио Эмилия әдісі мектепке дейінгі педагогикаға, атап айтқанда мектепке дейінгі және ерте мектептегі балаларды тәрбиелеуге басқаша көзқараспен қарайтын философияны білдіреді, мұнда қоғам мен қоршаған орта бала тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Бұл әдістер бала тәрбиесіне, баланың әл-ауқатына, балалардың негізгі құқықтарына отбасыларға берілетін қолдауға байланысты. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бүкіл қоғам қиналып тұрған кезде Италияның Реджио Эмилия деп аталатын шағын қаласында педагог, философ және педагог-психолог Лорис Малагуцци (1920–1994) бастаған қоғамдастық балаларды қолдайтын бірлестіктің негізін қалады. Олар өздерінің қолдарымен балабақшалар салып, қоғам маңызды рөл атқаратын балаларды оқытудың жаңа философиясының негізін қалады. Реджио Эмилия әдісі қоғамдастық пен оның мәдениетіне негізделген, оның идеялары Джон Дьюи, Жан Пиаже, Лев Выготский, Дэвид Хокинс, Джером Брунер, Ховард Гарднер сияқты зерттеушілер әзірлеген мектепке дейінгі білім беру принциптеріне негізделгенін айта кету керек. Реджио педагогикасы – баланың қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған инновациялық тәсіл. Бұл педагогикалық әдіс инклюзивті білім беру ортасында әр баланың жеке дамуын қамтамасыз етудің тиімді құралы ретінде қолданылады. Оның басты ерекшелігі – баланы білім беру процесінің негізгі қатысушысы ретінде қарастырып, оның дербестігі мен өзіндік ерекшеліктерін қолдау. Инклюзивті білім беру ортасында Реджио педагогикасы ерекше қажеттіліктері бар балаларға ерекше қолайлы жағдай жасайды. Бұл тәсіл әртүрлі деңгейдегі балалардың әлеуетін ашуға мүмкіндік береді.

Жобалық жұмыс – Реджио әдіснамасының негізгі элементтерінің бірі, ол балаларға өздерінің қызығушылықтары мен бастамаларына негізделген зерттеу және шығармашылық процеске қатысуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс балаларды топтық қарым-қатынасқа тартып, олардың әлеуметтік дағдыларын дамытады.

Жобалық жұмыстар барысында балалар өз қызығушылықтарын еркін зерттеп, нақты тәжірибелер арқылы жаңа білім алады. Ортаның «үшінші мұғалім» ретінде қарастырылуы балалардың білім алуына қолайлы жағдай жасайды. Әсіресе, ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін білім беру процесі олардың қабілеттерін ескере отырып ұйымдастырылады. Мысалы, жарықпен, көлеңкемен жұмыс істеу, табиғат құбылыстарын зерттеу сияқты жобалар балалардың сенсорлық және танымдық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Уақыт өте келе Реджио Эмилия педагогикасы дамып, балаларға арналған жоғары қалыптастырушы қасиеттері бар өміршең әдіс ретінде бүкіл әлемге танымал болды. Осылайша, 1994 жылы «Реджио балаларының достары» халықаралық қауымдастығы деп аталатын коммерциялық емес ұйым құрылды [4]. Лорис Малагуцци идеяларын жалғастыруға бағытталған. Солтүстік Американың Реджио Эмилия Альянсы (NAREA) Чикагода (АҚШ) балаларды оқыту ұлттық қауымдастығының жыл сайынғы конференциясында «Реджио Эмилияда және әлемдегі балалар мен ересектердің өмірін жақсарту үшін білім беру және зерттеу» мақсатымен құрылды [5].

Қазіргі қоғамның басты міндеттерінің бірі – барлық балаларға тең білім алу мүмкіндігін

қамтамасыз ету. Инклюзивті білім беруде Реджио педагогикасы осы міндетті жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады, себебі ол әр баланың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескеруді мақсат етеді. Реджио педагогикасы – ерекше педагогикалық тәсіл, ол баланы білім беру орталығы ретінде қарастырып, оның қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін және өз бетінше дамуға деген құлшынысын қолдайды. Реджио әдістемесі инклюзивті білім беру ортасында әр баланың жеке дамуын қолдаудың тиімді құралы бола алады.

Реджио педагогикасы инклюзивті білім беру саласында ерекше тиімділігін көрсетеді. Ол әр баланың жеке ерекшеліктерін ескеруге, олардың әлеуетін толық ашуға және қоғамға бейімделуіне мүмкіндік береді. Бұл әдістеме инклюзивті топтағы барлық балалар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан, Реджио педагогикасын білім беру жүйесіне енгізу – қоғамдағы барлық балаларға қамқорлық жасау және олардың табысты болашағына үлес қосу жолындағы маңызды қадам. Реджио Эмилия әдісі педагогтердің шығармашылық және ынталандыру әрекеттері арқылы балалардың өзіндік қалыптасуына қалай тарта алатынының мысалы болып табылады. Ересектер мен балалар бірге жағымды және пайдалы түрде оқи алады, мұнда әркім өзі қалаған ресурстарды пайдалана отырып, өз қарқынымен қатысады. Балалар қоғамдастықтың толық құқықтары бар мүшелері ретінде қарастырылады, еркін ойлауға және дербес әрекет етуге шақырылады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу жұмысында біз шетелдік ғылыми әдебиеттерді зерделеп, Реджио педагогикасына сүйене отырып, «Реджио педагогикасына қатысты жобалық жұмыстарды іріктеп алдық.

Реджио педагогикасы негізінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың әртүрлі әрекеттерін дамытуға арналған материалдар мен әдістерді таңдау кезінде, баланың жеке шығармашылық әлеуетін және белсенді зерттеу қабілетін дамытуды басты назарға алу қажет.

Мақала жазу барысында жобалық әдісті пайдаланып, балалардың өз идеяларын зерттеп, ұжымда немесе жеке түрде жұмыс істеуіне мүмкіндік беретіні анықталды. Бұл әдіс инклюзивті ортада балалардың бір-бірімен өзара әрекеттесуін жақсартады және олардың әлеуметтік дағдыларын дамытатынын айқындады.

Талдау мен нәтижелер

Эксперименттік-тәжірибелік жұмысқа 25 мектеп жасына дейінгі ересек бала және бақылау тобында 26 ересек бала қамтылып, сол бойынша эксперимент нәтижелері ұсынылып отыр.

Реджио Эмилия әдісі қоғамдастықтың баланың білім алуға қатысуына ықпал етеді. Кейбір жағынан бұл әдіс Монтессори және Вальдорф баламаларымен ұқсастықтары бар. Көптеген ата-аналар үшін баланың мектепке дейінгі немесе бастауыш мектепке бару сәті маңызды. Балаларды оқыту үшін, жағдайды жақсарту үшін оған қоғамды тарту идеясы осыдан туындайды.


Реджио Эмилия балабақшасында педагогикалық ұжымның барлық мүшелері әр түрлі әдістер арқылы мұқият қарастырылатын балалардың мүдделеріне сәйкес тәрбиелік іс-әрекетті жүргізеді. Осы мақсатқа жету үшін әр топта білім беру деңгейінің барлығында бірін-бірі толықтыратын екі педагог бар, олар балаларға қамқорлық жасайды, қадағалайды және балалармен жұмыс жүргізеді. Сондай-ақ шеберханаға жауапты педагог өз жұмысында балалардың шығармашылығын арттыруы қажет. Балабақшада балалар табиғатта кездесетін материалдардан бастап бұқаралық ақпарат құралдарындағы материалдарға дейін көптеген және әртүрлі заттарды табады. Олармен тәжірибе жасауға, оларды өз қалауынша пайдалануға еркіндік береді, өйткені тәрбиешілердің мақсаты – баланың шығармашылығы мен қиялын дамыту. Тәрбиеші, шеберханаға жауапты және барлық педагогикалық ұжым – баланың игілігі үшін бірлесіп жұмыс істейтін ұжым.

Реджио педагогикасының негізгі бағыттары:

- балаға бағытталған білім беру;
- балаларды еркін және демократиялық өмірге дайындау қажеттілігі;
- әрбір баланың бірегейлігіне әлеуметтік жауапкершілік және оның білім беру қажеттіліктеріне ашықтық;
- үштік қатынастың маңыздылығын атап өту: отбасы, балабақша, қоғамдастық;
- қарым-қатынас пен өзара байланысты ынталандыру;
- прогрессивті ойлау;
- өз ісіне берілген тәрбиешілер жүргізетін зерттеулер мен эксперименттерге ашықтық;
- шеберханадағы іс-шаралар;
- балабақша мен қоғамдастық арасындағы шынайы және өзара ынтымақтастықты сақтау қажеттілігі;
- метатанымдағы стресс;
- өнімділікті жақсарту қажеттілігін қабылдауға негізделген саналы оқыту.

Реджио педагогикасында біз ең алдымен оның негізгі қағидаларына сүйенеміз.

Реджио педагогикасының қағидаларына келетін болсақ (1-сурет):



1-сурет – Реджио педагогикасының қағидалары

Реджио Эмилия әдісі баланың туа біткен әлеуетін дамыту және баланың ұмтылысын қайта бағалау арқылы оның қалыптасуын тану қабілетіне үлкен мән береді. Бала тәрбиелік факторлардың бос орынды толтыруын күтетін бос субъект емес, бала даму үстіндегі, қызығушылықтары, ұмтылыстары және белгілі бір қайталанбайтын даралығы бар, өмірде өз жолымен жүруге қабілетті тұлға. Оларға ата-аналар, тәрбиешілер және қоғам көмектеседі. Бала бір нәрсеге қол жеткізу үшін оның қарым-қатынас және әлеуметтену қабілеттеріне баса назар аударып, мейірімділік танытып, өз күштеріне сенімділікті қалыптастыру керек.

Реджио педагогикасының мүмкіндіктері инклюзивті білім беру ортасында ерекше жоғары, себебі бұл әдістеме әр баланың жеке мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын және қажеттіліктерін терең түсінуге бағытталған. Реджио Эмилия әдіснамасы балалардың өз бетінше білім алуына мүмкіндік беру, олардың креативтілігін, өзіндік көзқарастарын және коммуникативті дағдыларын дамытуға арналған ерекше тәсілдерін ұсынады. Төменде осы педагогиканың негізгі мүмкіндіктері мен ерекшеліктері сипатталған:

1. Әр баланың жеке қажеттіліктерін мойындау

Реджио педагогикасында балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру басты назарда. Бұл әдістеме инклюзивті ортада ерекше қажеттіліктері бар балалардың да өздерін қауіпсіз және

қабылданған сезінуіне жағдай жасайды. Әр бала өз жылдамдығымен және қызығушылықтары негізінде дамиды, бұл ерекше қажеттіліктері бар балаларға да қолайлы.

2. Баланың қызығушылығына негізделген білім беру

Педагогика баланың қызығушылығын басты оқу материалы ретінде пайдаланады. Мұндай тәсіл оқуға деген ынтаны арттырып, танымдық дамуды қолдайды. Инклюзивті ортада бұл әдіс әртүрлі балалардың қызығушылықтарын біріктіріп, топтық жұмысқа тартуға мүмкіндік береді.

3. Қоршаған орта – «үшінші ұстаз»

Реджио педагогикасында оқыту процесін ұйымдастыруда физикалық орта үлкен рөл атқарады. Инклюзивті мектептерде орта баланың даму деңгейіне бейімделген, қауіпсіз және шабыттандыратын болуы тиіс. Қолөнер бұйымдары, табиғи материалдар, ойыншықтар мен техникалық құралдар балалардың зерттеу және эксперимент жасау қабілеттерін арттырады.

4. Педагогтың бағыттаушы рөлі

Тәрбиеші тек білім беруші емес, баланың жолсерігі ретінде әрекет етеді. Ол тәрбиеші баланың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін терең түсініп, оқу процесін жеке бағытта бейімдейді. Бұл әсіресе ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін маңызды, себебі олар ерекше назар мен икемді әдістерді қажет етеді.

5. Топтық және әлеуметтік дағдыларды дамыту

Инклюзивті ортада әртүрлі қабілеті бар балалар бірге жұмыс істеу мүмкіндігін алады. Бұл әдістеме қарым-қатынас, өзара түсіністік және топта жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Балалар бір-бірін құрметтеуді, ерекшеліктерін қабылдауды және өз ойын еркін білдіруді үйренеді.

6. Баланың өзін-өзі тануына мүмкіндік беру

Реджио педагогикасы баланың өзін-өзі тануы мен өзіндік шығармашылық қабілеттерін ашуға ықпал етеді. Инклюзивті ортада бұл тәсіл әр баланың өзіндік құндылығын түсінуін қолдайды. Инклюзивті білім беру ортасындағы артықшылықтары: Реджо әдістемесі әртүрлі мәдениеттен, қабілеттен және даму деңгейінен шыққан балаларға ортақ бірегей орта жасауға көмектеседі.

Балалар бір-бірінен үйренуге, құрдастарының тәжірибесін түсінуге және өз мүмкіндіктерін дамытуға мүмкіндік алады.

Ата-аналар, мектеп және қоғамдастық баланың басқа балалармен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі бар білім беру ортасын құруы керек. Олар қарым-қатынас пен қабілеттерін дамытатын, өзін еркін сезінетін, бірақ сонымен бірге қолайлы және жақсы көретін, зерттеуге және оқуға ынталандыратын орта құруы керек.

Тәрбиенің үш факторы: ата-ана, балабақша және қоғам ынтымақтасады және балалардың білім алуына қатысады. Ата-аналар білім беру мекемесінің өміріне белсене араласады және тиісті білім беру ортасын жақсарту және дамыту дегенді білдіреді. Сондықтан олар балабақшаның ішкі және сыртқы іс-шараларына тиімді қатысуға шақырылады. Отбасы тұтынушы ретінде емес, серіктес ретінде қарастырылады – бұл балабақшаның оқу қызметінің бөлігі.

Педагогтер – оқытудың мазмұнын, орындалатын мақсаттарды және олар жүзеге асырылатын контексті белгілейтіндер. Негізгі мақсат – баланың игілігі және оның мүдделері мен негізгі құқықтарының сақталуы.

Білім беру мекемесі баланың ізденуге және оқуға деген қажеттіліктеріне сәйкес білім беру талабына бейімделген білім беру ортасы болуға арналған, мұнда арнайы архитектура функционалды, күрделі және зерттеуге, оқуға қолайлы етіліп ойластырылған. Реджио Эмилия әдісі оқу кеңістігіне баса назар аударатындықтан, ол балаларға қауіпсіздік пен әлауқат сезімін ұсынып, содан кейін олардың өзара байланыста болуына, жаңа оқу мүмкіндіктерін зерттеуге деген ықыласын ынталандыруға және дамытуға мүмкіндік беретін

когнитивті ынталандыру болуы керек. Реджио Эмилия әдісі когнитивтік, символдық этикалық, метафоралық елестету және қарым-қатынас аспектілері бойынша сөйлеуді дамытуға жәрдемдесуге бағытталған. Білім беру ортасы осы мақсаттарды ілгерілетуге үлес қосуы керек, сондықтан білім беру ортасын осы әдістің негізін қалаушы айтқандай, мәдениет пен әлеуметтік этиканы, әлеуметтік көзқарастар мен мектеп бағдарламаларында алға қойылған стандарттарды көрсететін миниатюралық қауымдастықпен салыстыруға болады. Лорис Малагузци: қоршаған орта онда тұратын адамдардың идеяларын, этикасын, көзқарастарын және мәдениетін көрсететін аквариум ретінде әрекет етуі керектігін айтқан [6].

Балалар даму қарқыны әр түрлі, іс-әрекеті мен ақпарат процесі, дүниені түсіну қарқыны бар жеке тұлғалар, сондықтан тәрбиелік факторлар осы аспектілерді ескеріп, оларды құрметтеуі тиіс. Ересектер көбінесе балаларды дүниені түсінуге және нәтижесінде көмектесуге әрекет етеді.

Реджио Эмилия әдісі қоғамдастыққа бағытталған, сондықтан барлық тәрбиелік факторлардың: ата-аналар мен тәрбиешілердің балалармен барлық мүмкін қарым-қатынаста болуы, бір-біріне қарама-қайшы болуы, ойын арқылы дауласуы және эмоцияларымен бөлісуі өте маңызды: күлу, жылау, күресу. Осылайша, әлеуметтеніп, қарым-қатынас жасай отырып, ата-анасымен балалары өзара сенімге негізделген қарым-қатынасты дамытады. Мұнда барлығы қауіпсіз және күшті бәсекелестікте емес, балалар жылы және үйлесімді ортада жақсы сезінеді. Бұл эмпатиямен жанданған жағымды сезімнің дамуына әкеледі. Мектепке дейінгі ұйымның міндеті – балаларға олардың жаңа білімді меңгеру қабілеті туралы хабардар ететін іс-шараларға қатысуға мүмкіндік беру. Педагогтар балаларды шығармашылыққа, қателікпен бетпе-бет келсе де, үнемі білім алуға, ақпарат алуларына білетін және білгісі келетін нәрселер арасында байланыс орнатуға көмектесуі керек.

Реджио педагогикасында әр топта екі тәрбиеші бар, олардың бірі балалардың іс-әрекетіне бақылау жүргізеді, екіншісі серіктес, жетекші. Тәрбиешінің міндеті – балалардың іс-әрекетін үйлестіру, олар мыналар:

- баланың қоршаған әлемді танудағы серіктесі;
- балаларды жауап табуға, мәселені шешуге және достық қарым-қатынасқа шақыру;
- баланың идеяларынан бастап білім беру жобаларын әзірлеу;
- білім беру ортасын жағымды және пайдалы етіп ұйымдастыру;
- балаларды жаңа ізденіске және қоршаған әлемді дұрыс түсінуге жетелеу.

Бала тәрбиесінің маңызды тәрбиелік факторы ретінде тәрбиеші бала тәрбиесіне қатысты белгілі бір қағидаларды ұстануы керек. Тәрбиешілер ата-аналармен бірігіп, қадағалайды. Тәрбиеші парактарға, бейне немесе аудио арқылы баланың үлгерімін жазып алады, ата-анамен тығыз және ашық қарым-қатынаста болады, мұның бәрі баланың мүддесі үшін. Бақылауларды, талқылауларды жазуды, білімдегі кемшіліктерді қамтитын бұл құжаттар тәрбиешілердің болашақ білім беру міндеттерін жоспарлауына негіз болады. Бүкіл педагогикалық ұжым ата-аналармен бірге балалардың дұрыс дамуына қажетті білім беру жобаларын талқылап, олардың білім алу жолдарын бірлесіп шешеді. Тәрбиеші мекеме, отбасы және қоғам арасындағы дәнекер болады. Білім беру талаптарындағы бірлік идеясы күрделі, бірлескен жұмыстың бұл аспектісі барлық факторлардың жауапкершілігін қамтиды.

Бүгінгі білім беруде «жобалық білім беру» термині қолданысқа енуде. Яғни білім беру субъектісіне адамның өзі айналған шақта, адамның сапалы білім беруді жүзеге асыруға болады деген сөз. Яғни адам өз пікірі мен ұйғарымы бойынша осы әлемді қандай сипатта көретіндігі туралы идеялардың төңірегінде жұмыс жасайды.

Реджио педагогикасының ерекше құнды элементтерінің бірі – жобалық оқыту әдісі. Реджио Эмилия технологиясы балабақшаларда заттық-кеңістіктік дамытушы орта құруда, жобалық жұмыстарды орындауда өте тиімді. Балабақшадағы заттық-кеңістіктік дамытушы

орта балаларды өздерінің «Менін» тануға, байланысқа, қоршаған ортаны зерттеуге ынталандырады. Негізгі қағидаттар – жайлылық пен ашықтық. Орталық рөл – балалардың қызығушылықтары мен әңгімелерінен, ойындарынан туындайтын жобалармен жұмыс. Жобалар бірнеше сағаттан бір жылға дейін созылуы мүмкін. Балалар не ойлағанын толық жүзеге асыру үшін ересектер көмекші ретінде әрекет етеді. Балалардың шығармашылығына арналған кеңістік – балалар күннің көп бөлігін өткізетін және балабақшада өздерін жайлы сезінетін дамытушы орта (белсенділік, шығармашылық және құрылыс, тіл үйрену және т.б. орталықтар) ұйымдастырылады. Тәрбиешілер – бірлескен авторлар, олар дайын жауап бермейді, баланың қызығушылығын оятады. Осылайша, балалар өз жаңалықтарын ашуды үйренеді. Балалармен қарым-қатынас үдерісінде тәрбиешілер де үйренеді, жаңалық ашады, дамиы [7]

Оның ішінде «ара жобасы», «мысық жобасы», «ұлу жобасы», «жарық пен көлеңке жобасы», су патшалығы», «тастарды жандандыру» жобалары балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін және балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға қолданылатын тиімді құрал болып табылады. Бұл жобалар мүмкіндігі шектеулі балаларға ерекше қолдау көрсетіп, олардың жеке дамуын ынталандыруға мүмкіндік береді. Біз осы жобалардың ішінен жарық пен көлеңке жобасын өз зерттеуімізге алдық. Бұл жоба әр баланың өз ойларын білдіруге және ұжымдық қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға үйренеді. Бұл әдіс инклюзивті ортадағы балаларға, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балаларға үлкен мүмкіндіктер бар. Көлеңке жобасы мүмкіндігі шектеулі балаға қоршаған ортаны зерттеуге қызығушылық тудырады. Бала көлеңкелердің пішінін бақылау арқылы өзінің қиялын дамыта алады. Бұл жоба арқылы ол қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіріп, шығармашылық қабілетін ашады. Топтық жұмыс барысында басқа балалармен қарым-қатынас жасауға үйренеді. Көлеңке құбылыстарын зерттеу арқылы жарық пен кеңістік туралы түсінігі қалыптасады (1-кесте).


1-кесте – Көлеңке жобасының мүмкіндіктері

Көлеңке жобасының аспектілері	Мазмұны
Сенсорлық және моторлық дағдыларды дамыту	Көлеңкемен жұмыс жасау арқылы балалар әртүрлі материалдарды ұстап көру, жылжыту және бақылау арқылы сенсорлық және моторлық дағдыларын дамытады.
Танымдық процестерді ынталандыру	Балалар жарық пен көлеңкенің қозғалысын зерттеп, логикалық ойлау және себеп-салдарлық байланыстарды түсіну дағдыларын қалыптастырады.
Шығармашылық және өзін-өзі білдіру	Көлеңке арқылы балалар өз ойлары мен сезімдерін көрнекі түрде жеткізіп, шығармашылық қабілеттерін дамытады.
Қарым-қатынас жасау дағдыларын жақсарту	Топтық жұмыстар барысында балалар тіл табысуға, бірлесіп әрекет етуге және ортақ нәтижеге қол жеткізуге үйренеді.

Зерттеуге екі топ алынды. Екі топта да мүмкіндігі шектеулі балалар бар. Эксперимент топ «Күншуақ» ересектер тобы зерттеуге дейін 78 пайыз, зерттеуден кейін 85 пайыз. Бақылау «Гүлдерай» тобы. Зерттеуге дейін 75 пайыз, зерттеуден кейін 79 пайыз болды. Эксперименттік-тәжірибелік жұмысқа 25 мектеп жасына дейінгі ересек бала және бақылау тобында 26 ересек бала бойынша эксперимент нәтижелері ұсынылып отыр (2-сурет).

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу балалардың интеллектуалдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуының негізін қалайды. Бұл кезеңде балалардың танымдық қабілеттері,

тілдік дағдылары, шығармашылық ойлау және әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдылары қарқынды дамиды, сондықтан әлемдік әдістемелерді тәжірибеде пайдалану олардың болашақтағы оқу жетістіктеріне және өмірлік қабілеттеріне маңызды ықпал етеді.



1-сурет – Экспериментке дейін және одан кейін эксперименттік топтарда Реджио педагогикасы бойынша ересек балалардың жобалық жұмысқа қызығушылықтарының даму көрсеткіштері

Демек, мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін әлемдік технологиялардың бірі – ол реджио-педагогика. Реджио педагогикасы - әлемдік деңгейде танылған, балалардың еркін шығармашылығын, зерттеу және өз бетімен білім алу қабілеттерін дамытуға бағытталған оқыту жүйесі. Бұл педагогикалық тәсіл Италияның Реджо-Эмилия қаласында пайда болып, бүкіл әлемде танымалдыққа ие болды. Төменде осы әдістің маңыздылығын зерттеген авторлардың көзқарастары талданады.

Реджио педагогика әдісі белгілі бір бағдарлама емес. Millikan 2003 жылы былай деп мәлімдеді: Реджо Эмилиядағы мектепке дейінгі мекемелер мен сәбилер орталықтары бағдарлама бойынша емес, өзіміздің білім беру теориялары, тәжірибелері және ұйымдастыру әдістері туралы ойлауға мүмкіндік береді [8]. Тәрбиешілерге, ата-аналарға және қоғамға балалар үшін жақсы балабақша, баланың табиғатына сәйкес оның қызығушылықтары мен білім алуға деген ұмтылысына сәйкес келетін білім беру ортасын, мұраттарды көрсететін орын құруға ұмтылған жөн. Бұл әдісте біз өмір сүріп жатқан қоғамның сенімдері мен этикасы жинақталған.

Реджио Эмилия әдісінің философиясы біз ойланатындай кейбір сұрақтарды тудырады. Олардың бірі осы білім беру философиясынан алатын ақпараттың көлеміне, оны білім беру жүйесіне қалай бейімдейтінімізге және оны қалай қолдана алатынымызға қатысты. Реджио Эмилия әдісі ұсынған идеяларды ұстануға тұрарлық, өйткені олар баланың ең жақсы мүддесі мен прогресіне бағытталған [9]:

- ол қоғамның мәңгілік құндылықтарын насихаттайды;
- ол білім берудің үздік идеяларын алға тартады;
- ол кез-келген мекемеде білім алуға құқығы бар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар сияқты баланың білім алу құқығын қолданады;

- ол ойындар мен топтық әрекеттерді ынталандырады;
- тәрбиеші мен бала ойын мен оқудағы серіктес ретінде қарастырылады;
- Оқыту желілік процесс ретінде емес, бұрмаланған процесс ретінде қарастырылады, бұл тәрбиеші мен баланың қызығушылықтарын қадағалайтын және дұрыс зерттеу мен оқу үшін қажетті ресурстарды қамтамасыз ететін прогрессивті процесс [10].

Мектепке дейінгі мекеме, отбасы және қоғам арасында шынайы байланыс, серіктестік орната алған және білім беру ортасын 3-ші педагог ретінде бекіткен Реджио Эмилия әдісі туралы ойлануға тұрарлық.

Экспериментке дейін эксперименттік топтағы балалардың жобалық жұмысқа қызығушылық деңгейі орташа болды. Реджио педагогикасын қолдану барысында балалардың зерттеушілік және шығармашылық белсенділігі айтарлықтай артты. Эксперименттен кейін топтағы балалардың жобалық жұмысқа деген ынтасы мен қызығушылығы жоғары деңгейге көтерілді. Балалар өз идеяларын еркін ұсынуға және топта тиімді жұмыс істеуге үйренді. Эксперимент нәтижесінде, Реджио педагогикасының әдістері балалардың танымдық және әлеуметтік дамуына оң әсер еткенін көрсетті.

Қорытынды

Реджо-педагогикасы – баланың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып, оның шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған инновациялық әдіс. Бұл педагогикалық бағыт инклюзивті білім беруде ерекше маңызды, өйткені әр баланың жеке қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді және оларды ортаға бейімдеуді қолдайды. Жобалық жұмыс – осы әдістің негізгі құралы ретінде балалардың өз ойын еркін жеткізуіне, зерттеушілік қабілеттерін дамытуға және топтық жұмыста әлеуметтік дағдыларды игеруіне көмектеседі.

Инклюзивті ортада жобалық жұмыс әртүрлі қабілеттері бар балаларды біріктіріп, бірегей идеялармен тәжірибелермен алмасуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл балалар арасында толеранттылықты, өзара құрметті және ортақ мақсаттарға жетуде ынтымақтастықты нығайтады. Реджо-педагогикасының басты ерекшелігі – педагогтың бағыттаушы рөлінде болуы, яғни балаға дайын білімді беру емес, оның дербес түрде жаңа білімді ашуына жағдай жасау. Инклюзивті ортада бұл тәсіл ерекше маңызды, өйткені әр бала өзін қауіпсіз сезініп, өз әлеуетін толық ашуға мүмкіндік алады.

Сонымен қатар, материалдардың көптүрлілігі мен қолжетімділігі, еркін шығармашылық атмосферасы және балалардың қызығушылығына негізделген жобалар Реджо-педагогикасының тиімділігін арттырады. Инклюзивті ортада бұл әдіс арқылы әр баланың өзіндік ерекшеліктері ескеріліп, оның дербестігі мен жеке дамуы қолдау табады.

Қорытындылай келе, Реджио-педагогикасы инклюзивті білім беру саласында ерекше маңызға ие. Жобалық жұмыс арқылы әр баланың жеке дамуына жағдай жасалады, оның шығармашылық әлеуеті ашылады және өзін-өзі іске асыру мүмкіндігі артады. Бұл әдіс әр баланы бірегей тұлға ретінде бағалап, оны жан-жақты дамытуға ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235> (қаралған күні 6.12.2024)
2. Иманбеков М.М., Абылайхан С.М. Мектепке денінгі білім беру мен тәрбиелеудегі қазіргі педагогикалық технологиялар: оқу құралы. – Алматы: New book баспасы, 2019. – 138 б.
3. Курманбаева Н.Ш., Алпамысова Т.А. Тәрбиелеу-білім беру процесіндегі жаңа әдістер мен инновациялық технологияларды пайдалану // Дана бала. – 2024. – №2 (38). [Электронды ресурс]. URL: https://irrd.kz/page/read/Dana_bala.html/ (қаралған күні 6.12.2024)

4. Gandini L., Edwards C. (Eds.). *Bambini: The Italian approach to infant- toddler care.* – New York: Teachers College Press, 2021. [Electronic resource]. URL: <https://eric.ed.gov/?id=ED448859> (date of access 08.12.2024)
5. Gardner H. *Introductions* // In: C. Giudici, M. Krechevsky, R. Rinaldi, (Eds.) *Making learning visible: Children as individual and group learners.* Reggio Emilia, Italy: Reggio Children srl. – 2021. – P. 25–27. [Electronic resource]. URL: <https://www.uav.ro/jour/index.php/jpe/article/view/57> (date of access 08.12.2024)
6. Қияқбай Н., Арғынбаев Е., Адилбаева Р. Жобалап оқыту әдісі арқылы ойлау дағдыларын дамыту // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2(128). – Б. 395–407.
7. Ердембекова Д.А., Булшекбаева А.И., Саткенова Ж.Б. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың әлеуметтік дағдысын Реджио Эмилия технологиясы негізінде дамытудың отандық және шетелдік тәжірибесі // «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы» РҚБ «Халық» ЖҚ Хабаршысы. – 2024. – №3 (409). – Б. 62–76. <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.752/>
8. New, Rebecca S. *Reggio Emilia: Catalyst for change and conversation.* ERIC Digest. Champaign, IL: ERIC Clearinghouse on Elementary and Early Childhood Education. – 2000. [Electronic resource]. URL: ED 447 971. <https://eric.ed.gov/?id=ed447971> (date of access 9.12.2024)
9. Scheinfeld D., Haigh K., Scheinfeld S. *We Are All Explorers: Learning and teaching with Reggio principles in urban settings.* – New York, NY: Teachers College Press, 2008. [Electronic resource]. URL: <https://www.amazon.com/We-Are-All-Explorers-Principles/dp/0807749087> (date of access 9.12.2024)
10. Shoptaugh S., Frasier B., Miller, S., Bardwell A., Bersani C. *The importance of educational exchange: a state-wide initiative* // *Innovations in Early Childhood Education.* – 2018. – №13(3). [Electronic resource]. URL: https://www.researchgate.net/publication/233763048_The_Importance_of_Early_Childhood_Education (date of access 9.12.2024)

REFERENCES

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы [State mandatory standard of preschool education and Training, Order of the minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated August 3, 2022 No. 348]. [Electronic resource]. URL: <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235> (date of access 6.12.2024) [in Kazakh]
2. Imanbekov M.M., Abylaihan S.M. *Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиедегі қазіргі педагогикалық технологиялар: оқу құралы* [Modern pedagogical technologies in pre-school education and upbringing: a manual]. – Almaty: New book baspasy, 2019. – 138 b. [in Kazakh]
3. Kurmanbaeva N.Sh., Alpamysova T.A. *Тәрбие-білім беру процесіндегі жаңа әдістер мен инновациялық технологияларды пайдалану* [Education-the use of new methods and innovative technologies in the educational process] // *Dana bala.* – 2024. – №2 (38). [Electronic resource]. URL: https://irrd.kz/page/read/Dana_bala.html/ (date of access 6.12.2024) [in Kazakh]
4. Gandini L., Edwards C. (Eds.). *Bambini: The Italian approach to infant- toddler care.* – New York: Teachers College Press, 2021. [Electronic resource]. URL: <https://eric.ed.gov/?id=ED448859> (date of access 08.12.2024)
5. Gardner H. *Introductions* // In: C. Giudici, M. Krechevsky, R. Rinaldi, (Eds.) *Making learning visible: Children as individual and group learners.* Reggio Emilia, Italy: Reggio Children srl. – 2021. – P. 25–27. [Electronic resource]. URL: <https://www.uav.ro/jour/index.php/jpe/article/view/57> (date of access 08.12.2024)
6. Қияқбай Н., Арғынбаев Е., Адилбаева Р. Жобалап оқыту әдісі арқылы ойлау дағдыларын дамыту [Development of thinking skills through the method of design training] // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2(128). – Б. 395–407. [in Kazakh]
7. Ердембекова Д.А., Булшекбаева А.И., Саткенова Ж.Б. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың әлеуметтік дағдысын Реджио Эмилия технологиясы негізінде дамытудың отандық және шетелдік тәжірибесі [Domestic and foreign experience in the development of social skills of children of preschool adulthood on the basis of Reggio Emilia technology] // «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы» РҚБ «Халық» ЖҚ Хабаршысы. – 2024. – №3 (409). – Б. 62–76. <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.752/> [in Kazakh]
8. New, Rebecca S. *Reggio Emilia: Catalyst for change and conversation.* ERIC Digest. Champaign, IL: ERIC Clearinghouse on Elementary and Early Childhood Education. – 2000. [Electronic resource]. URL: ED 447 971. <https://eric.ed.gov/?id=ed447971> (date of access 9.12.2024)
9. Scheinfeld D., Haigh K., Scheinfeld S. *We Are All Explorers: Learning and teaching with Reggio principles in urban settings.* – New York, NY: Teachers College Press, 2008. [Electronic resource]. URL: <https://www.amazon.com/We-Are-All-Explorers-Principles/dp/0807749087> (date of access 9.12.2024)
10. Shoptaugh S., Frasier B., Miller, S., Bardwell A., Bersani C. *The importance of educational exchange: a state-wide initiative* // *Innovations in Early Childhood Education.* – 2018. – №13(3). [Electronic resource]. URL: https://www.researchgate.net/publication/233763048_The_Importance_of_Early_Childhood_Education (date of access 9.12.2024)